

## **Лизингтік негізде ауылшаруашылық техникасымен қамтамасыз етуді несиелендіру ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 наурыз N 289.

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 5 желтоқсандағы Z010273\_ Заңына және "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 P011715\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының

Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Лизингтік негізде ауылшаруашылық техникасымен қамтамасыз етуді несиелендіру ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 11 наурыздағы

N 289 қаулысымен

бекітілген

Лизингтік негізде ауылшаруашылық  
техникасымен қамтамасыз етуді несиелендіру ережесі

### **1. Жалпы шарттар**

1. Осы Ереже 2002 жылы республикалық бюджеттен 85 "Лизингтік негізде ауылшаруашылық техникасымен қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша 1 100 000 000 (бір миллиард жүз миллион) теңге сомасында несиелер (бұдан әрі - Қаражат) беру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Қаражат заңнамада белгіленген тәртіппен "Мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында республикалық бюджеттен берілген несиелер бойынша, сондай-ақ республикалық бюджеттен оқшауландырылған сомалар бойынша сыйақы ставкасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 қыркүйектегі N 1131 P011131\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы

министрлігі (бұдан әрі - Қармин) белгілеген ставка бойынша мерзімді, төлем және қайтарым шарттарында 7 (жеті) жыл мерзімге, Қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуы қамтамасыз етіле отырып, республикалық бюджеттен бөлінеді. Қаражат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейіннен лизингке беруге жататын ауылшаруашылық техникасын (бұдан әрі - Техника) сатып алу және 2002 жылы Техниканы сатып алуға жұмсалған ақшаны өтеу мақсаттары үшін, сондай-ақ Техниканы сатып алуға байланысты шығындарды өтеу және Техниканы лизингке беру кезінде бюджетке төлеуге жататын қосылған құнға салықты төлеу үшін бөлінеді.

3. Қаражат бөлу заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен 2002 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылатын лизингтік негізде ауылшаруашылық техникасымен қамтамасыз етуді несиелендіру үшін айқындалған екінші деңгейдегі банкті немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымды (бұдан әрі - Қарыз алушы) несиелендіру жолымен жүргізіледі. (РҚАО-ның ескертуі: ( Р951851\_ қаулысын қараңыз ).

4. Қаражат бөлу үшін Қармин Қарыз алушымен және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен (бұдан әрі - бюджеттік бағдарламаның әкімшісі) бірлесіп қарыз алу шартын (бұдан әрі - Несие келісімі) жасасады, онда осы ережеге сәйкес республикалық бюджеттен Қаражат бөлу тәртібі, Қаражатты республикалық бюджетке қайтару тәртібі мен мерзімдері, Қарыз алушының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету амалдары және өзге де шарттар анықталады.

5. Қарыз алушы Қаражаттың мақсатты пайдаланылуы мен оның республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуын қамтамасыз етеді.

## 2. Қаражаттың пайдаланылуын бақылау

6. Кейіннен Қарыз алушыға жолдау үшін бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне республикалық бюджеттен қаражат бөлу Несие келісіміне сәйкес белгіленген тәртіпте мынадай құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1) кейіннен лизингке беруге жататын ауылшаруашылық Техникасын сатып алу және 2002 жылы Техниканы сатып алуға жұмсалған ақшаны өтеу мақсаттарына Қаражат бөлу кезінде - бюджеттік бағдарлама әкімшісінің Техника жеткізіп беруге келісім-шарттарының көшірмесін қоса тіркеген тапсырысы;

2) Техниканы сатып алуға байланысты шығындарды өтеу мақсатына Қаражат бөлу кезінде - бюджеттік бағдарлама әкімшісінің Қарыз алушының Техниканы сатып алуына байланысты жүзеге асырған шығындарын растайтын құжаттардың көшірмесі қоса тіркелген тапсырысы;

3) Техниканы лизингке беру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына

сәйкес бюджетке төлеуге жататын қосылған құнға салықты төлеу мақсатында Қаражат бөлу кезінде - бюджеттік бағдарлама әкімшісінің тапсырысы.

7. Қарыз алушы ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 15-і күнінен

кешіктірмей бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мен Қарминге Қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді.

8. Қаражаттың игерілуін, мақсатты пайдаланылуын, республикалық бюджетке уақтылы қайтарылуын бақылауды Қармин жүзеге асырады.

9. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Қарыз алушы сатып алатын Техниканың номенклатурасы мен көлемін бекітеді және Қарыз алушының лизинг бойынша сыйақысының мөлшеріне және лизинг мерзімдеріне келісуді жүргізеді.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.